

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 550 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 20, 248-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

"4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту" деген бөлімнің 2-бағаны мынадай мазмұндағы 18-тармақпен толықтырылсын:

"18. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету:

- Қазғарыштың ақпаратын қорғаудың аппараттық және бағдарламалық құралдарын арнайы тексерістен өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; компьютерлік шабуылдарды табу мен алдын алудың сертификатталған құралдарымен Қазғарыштың жергілікті-есептеу желісін жарақтандыру және баптау";

"7. Бюджеттік бағдарламалар" деген бөлімде:

"7.1. Бюджеттік бағдарламалар" деген кіші бөлімде:

001 "Ғарыш қызметі саласындағы саясатты қалыптастыру, үйлестіру және бақылау жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламада:

"бюджеттік шығындар көлемі" деген жолдың "2012 жыл" деген бағанындағы "284 039" деген сандар "299 540" деген сандармен ауыстырылсын;

002 "Ғарыш қызметі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген бюджеттік бағдарламада:

"тікелей нәтиже көрсеткіштері" мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

1	2	3	4	5	6	7	8	9
жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары басталғандары	ҒЗЖ есептерінің саны	-	-	-	23			-
жалғасатыны						23		-
аяқталғандары олардың нәтижесінде мыналар:							23	-

";

"бюджеттік шығындар көлемі" деген жолдың "2012 жыл" деген бағанындағы "700 000" деген сандар "1 010 000" деген сандармен ауыстырылсын;

009 "Байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарын басқаруды қамтамасыз ету"
деген бюджеттік бағдарламада:

"бюджеттік шығындар көлемі" деген жолдың "2012 жыл" деген бағанындағы "981
844" деген сандар "1 208 063" деген сандармен ауыстырылсын;

010 "Бәйтерек" ғарыштық зымырандық кешенін құруды несиелеу" деген бюджеттік
бағдарламада:

"бюджеттік шығындар көлемі" деген жолдың "2012 жыл" деген бағанындағы "670
664" деген сандар алынып тасталсын;

"7.2. Бюджеттік шығындар жинағы" деген кіші бөлімде:

"2012 жыл" деген бағанда:

"Бюджеттік шығындардың БАРЛЫҒЫ:" деген жолдағы "36 189 540" деген сандар "
36 070 596" деген сандармен ауыстырылсын;

"ағымдағы бюджеттік бағдарламалар" деген жолдағы "2 421 439" деген сандар "
973 159" деген сандармен ауыстырылсын;

"дамудың бюджеттік бағдарламалары" деген жолдағы "33 768 101" деген сандар "
097 437" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми
жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

К. Мәсімов